




УНИВЕРСИТЕТ ТҰРАҚТЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР ЖОЛЫ ЖАС ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

«ӨНЕГЕЛІ ӨМІР»
СЕРИЯСЫНЫҢ КЕЗЕКТІ
КІТАБЫ БЕЛГІЛІ
МИКРОБИОЛОГ ҒАЛЫМ,
БИОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ
ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР,
ҚАЗАҚСТАН ҰҒА
АКАДЕМИГІ,
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК
СІҢІРГЕН ҒЫЛЫМ
ҚАЙРАТКЕРІ МАЙЯ
ХАЖЕТДИНҚЫЗЫ
ШЫҒАЕВАҒА АРНАЛДЫ.



27 қантарда биология және биотехнология факультетінде Шығайева Майя Хажетдинқызының «Өнегелі өмір» атты кітабының тұсаукесер кеші өтті.

Бұл кешке Майя Хажетдинқызының отбасы және туғандары, жану мәселелері ғылыми-зерттеу институтының директоры, кітап бас редакторының орынбасары профессор З.А. Мансұров, ҚР ҰҒА академигі Н.Б. Ахматуллина, б.ғ.д. профессор Р.К. Блюева, физикалық-химиялық зерттеулер және талдау орталығының директоры, т.ғ.д. М.К. Наурызбаев және факультет оқытушылары мен студенттері қатысты.

Жалғасы 2-бетте



Елімізде республикалық бюджеттің 98 пайыздан астамын салықтан түскен қаржы құрайды. Әрбір азамат салық төлей отырып, оның кіріс бөлігін құрауға атсалысатыны белгілі. Бұл қаржы өз кезегінде білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қамсыздандыру, қорғаныс, жергілікті бюджеттерге трансферттеу, қоғамдық тәртіп, көлік және коммуникациялар және тағы басқа салаларға бөлінеді. Осы сынды университеттік бюджеттің де кіріс және шығыс бөліктері болады. Бұл жайлы кешегі ректорат отырысында экономикалық және өндірістік мәселелер жөніндегі проректоры Мақтағали Әбдімәжитұлы Бектемесов егжей-тегжейлі баяндады.

СТИПЕНДИИ ПО ИСЛАМСКОМУ ФИНАНСИРОВАНИЮ

В КазНУ в рамках Открытой кафедры еженедельно проводятся лидерские лекции, семинары, тренинги для бакалавров, магистрантов, докторантов и сотрудников университета Департаментом развития исламского финансирования Национального банка РК.

В наших аудиториях прочитаны лекции по таким темам, как: «Исламский банкинг», «История исламского банковского дела», «Операции партнерства (мушарака) в исламских банках», «Долговое финансирование с использованием договора мурабаха», «Долговое финансирование с использованием договора иджара», «Долговое финансирование с использованием договора салам», «Инвестиционные счета при формировании пассивов», «Управление в исламском банковском деле», «Пути создания исламского банка» и другие.

Продолжение на 2 стр.

Университеттің 2015 жылға арналған бюджетін баяндаған Мақтағали Әбдімәжитұлы, алдымен университеттің қаржы көздеріне тоқталып өтті. «Олар мемлекеттік тапсырыс бойынша білім беру, ақылы білім беру, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен қызметтері және тағы басқа табыстар болып табылады», – деген проректор жаңа жылдың бюджетін жоспарлаудан бұрын 2013-2014 жылдардағы кіріс бойынша талдау жүргізілгенін жеткізді. Ол «Қазақстан ЖОО-ларына шетелдік мамандарды тарту» және «Білім алушылардың академиялық ұтқырлығы» бағдарламалары бойынша мемлекеттен бөлінген қаржыларды салыстыра отырып, 2015 жылғы жоспарлармен таныстырды. Сондай-ақ аталмыш бағдарламалардың әлемдік университеттер рейтингіндегі бағалау жүйесі бойынша маңызды көрсеткіш болып табылатынын ескере отырып, проректор ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлықты жандандыру қажеттігіне назар аударды.

Университетте компьютермен жабдықталған және интернетке қосылған 54 оқу-ғылыми орталықтары бар. Мақтағали Әбдімәжитұлының айтуынша, бүгінде олардың оны ғана табыс тауып отыр. Сондықтан орталықтардың жұмыс істеу механизмін қайта қарастырып, инвестиция тартудың жаңа жолдарын қарастырудың маңызы зор.

Университет бюджетінің шығыс бөлігіне көшкен тұста проректор көптеген қаржының 2014 жылы инфрақұрылымды дамытуға және жаңалауға, сонымен қатар салынған нысандарды іске қосуға жұмсалғанын тілге тиек етті. Атап айтсақ, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы, №5 оқу ғимараты, технопарк ғимараттары толық жөндеуден және қайта құрудан өткен. Бұл уақыт аралығында механика-математика, физика-техникалық, химия және химиялық технологиялар, биология және биотехнологиялар факультеттеріне және «Қазақ университеті» баспасына қажетті заманауи құрал-жабдықтар сатып алынған. Сондай-ақ салтанатты шараларды өткізетін үш залы бар «Ай Тұмар» қоғамдық тамақтандыру комбинаты, Медициналық диагностикалық орталық, Ғылыми кітапхана, «Жас ғалымдар үйі» пайдалануға берілді.

Ал 2015 жылдың бюджетін қалыптастыруда 2020 жылға дейінгі университеттің стратегиялық мақсаттары басшылыққа алынып отыр. Мақтағали Бектемесов біршама қиындықтарға карамастан, университеттің даму қарқыны тұрақты екендігін атап өтіп, алға қойылған тапсырмаларды орындауға қатысты өз ұсыныстарын жеткізді.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

БҮГІНГІ САНДА:

БҮГІНГІ САНДА:

БҮГІНГІ САНДА:

ВЕК
НАНОТЕХНОЛОГИЙ



2-стр.

“ДЕНІ САУДЫҢ-
ЖАНЫ САУ”

3-бет



“СТУДЕНТТЕРІМІЗ
ӘЛЕУМЕТТІК ЕРІКТІ
ЖҰМЫСТАРДА БЕЛСЕНДІ”

7-бет



ВЕК НАНОТЕХНОЛОГИЙ



ISTIEE 2015
Bangalore

разных стран мира по подготовке специалистов, которые в будущем станут лидерами в решении глобальных проблем, а также расширению и развитию Американско-Индийского консорциума. Программа конференции включала в себя презентации, вебинарии, панельные пленарные заседания и дискуссии.

Целью поездки нашей делегации было вхождение КазНУ им. аль-Фараби в Американско-Индийский консорциум. Мы успешно добились этого, заключив

ие о сотрудничестве в области инженерного образования. Также в ходе поездки было заключено соглашение между Национальной нанотехнологической лабораторией открытого типа КазНУ и компанией NoPo Nanotechnologies India Pvt Ltd о совместных разработках в области синтеза нанотрубок и создании на их основе новых материалов с улучшенными свойствами.

Американско-Индийский консорциум был создан в 2007 с целью содействия преобразованиям в области инженерного образования через глобальное сотрудничество, на сегодняшний день в его состав входят порядка 75 организаций и вузов.

30 қаңтарда ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде БҰҰ Гендерлік теңдік және әйелдердің құқығы мен мүмкіндіктерін кеңейту мәселелері жөніндегі құрылымымен (БҰҰ Әйелдер) бірге «Еңбек көші-қоны мәселелерін адам құқы мен гендерлік аспектілерді сақтай отырып БАҚ-та жариялау (Орта Азия елдері мысалында)» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

КӨШІ-ҚОН ТАҚЫРЫБЫНА АРНАЛДЫ

Дөңгелек үстел көші-қон және елімізге жыл сайын келетін еңбек имигранттары жайлы студенттерді ақпараттандыру, сонымен қатар осы тақырыпта студенттердің көзқарасын қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылды. Ігі шараның ашылуында сөз алған журналистика факультетінің деканы Сағатбек Медеубек қолға алынған бастаманың бүгінгі таңдағы маңыздылығын айта отырып, жастардың сауаттылығын арттыру тұрғысында көмегі мол екеніне назар аударды.

Шара аясында «Қазақстандағы еңбек көші-қоны мәселелерінің БАҚ-тағы көрінісі» оқу құралының тұсауы кесіліп, көші-қон тақырыбы бойынша студенттер арасында жарияланған ең үздік эссе, теле, радио сюжеттер конкурсының қорытындысы жарияланды. Қатысушылар ҚР аймағындағы имигранттар және нақты имигрант әйелдер, олардың басым көпшілігі қай аймақтарда тұрақтайтынына қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізді. Женімпаздар арнайы дипломмен марапатталып, бағалы сыйлықтарға ие болды.

Нұрғұл ЕРКІНҚЫЗЫ,
журналистика факультетінің
3-курс студенті

В г. Бангалор (Индия) прошла 2-ая международная конференция по трансформации в области инженерного образования «ISTIEE 2015», организованная БМС инженерным колледжем, занимающим второе место в рейтинге учебных организаций в области инженерного образования.

Основной целью конференции явился обмен передовым опытом

с ректором БМС колледжа, профессором К.М. Бабу соглашен-

Б. КУМАЛАКОВ,

заведующий центра «НР»

Продолжение. Начало на 1 стр.

Жалғасы. Басы 1-бетте

СТИПЕНДИИ ПО ИСЛАМСКОМУ ФИНАНСИРОВАНИЮ

Также Национальный Банк республики провёл конкурс среди студентов и магистрантов высших учебных заведений Казахстана по присуждению именной стипендии по исламскому финансированию. Общий размер средств, выделенных на учреждение именной стипендии, составил 1 млн. тенге. Стипендия присуждается с целью формирования потенциала квалифицированных специалистов финансовой системы страны, стимулирования экономических исследований на всех уровнях образования и повышения финансовой грамотности населения Республики Казахстан по исламскому финансированию.

На конкурс поступило более 50 проектов из высших учебных заведений Казахстана. Тематами работ, предложенных студентами, стали вопросы исламского банкинга, такафул (страхование), сукук (исламские ценные бумаги), а также позиционирования Алматы в качестве регионального хаба исламского финансирования. В финал конкурса прошли 5 студенческих групп. Все призовые места присудили команде Казахского национального университета им. аль-Фараби.

Лариса КАРИПБАЕВА,
заведующая Открытой кафедрой

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР ЖОЛЫ ЖАС ҰРПАҚҚА ҮЛГІ



Майя Хажетдинқызы — биология және биотехнология факультетінің, оның ішінде микробиология кафедрасының іргетасын қалауға атсалысқан, елі үшін ерен еңбек етіп, ұжым мен шәкірттерінің ықылас-іліпатына бөленген ерекше жандардың бірі. Ұлағатты істерімен, қарапайым да адамгершілік қасиеттерімен көптің құрметіне ие болған Майя Хажетдинқызының өмір жолы көпке өнеге. Бұл жайлы кеште құрбысы ҚР ҰҒА академигі Н.Б. Ахматуллина да айтып берді. Ол Майя Хажетдинқызымен ең алғаш кездескені, осы күнге дейінгі достығы жайлы, халық мақтанш тұтатыны, әңгімелескен адамын зейін қойып тындап, пайдалы кеңес бере білетін қасиеттері туралы сөз етіп, жас ұрпаққа достықты бағалауды, екі адамның бір-біріне шын ықыласпен қалтқысыз қызмет ете білу керектігін насихаттады.

Профессор Михаил Наурызбаев та Майя Хажетдинқызының өмірде де, ғылымда да әрқашан құрметті, ойшыл да текті жан екендігін, еліміздің мақтанышы екендігін атап өтті.

Майя Хажетдинқызының ғылымдағы пікірі аса бағалы әрі ол қазіргі кезде де өте жоғары деңгейде талап қоятын және зор ықыласпен қарайтын ғалымдардың бірі деп ерекше мақтаншпен айтуға болады. Майя Хажетдинқызының жоғары білімділігі мен біліктілігі, адамдарға деген игі қарым-қатынасы, кеңпейілділігі мен мейірбандылығы ғылым әлемінде әрдайым үлкен құрметке ие. Ол кездесу кешінде қазіргі мынау құбылып тұрған кезеңде студенттердің бойында енжарлықтың басымдығын, жастық шақтың жалыны аз, ізденуі, білімге құштарлығы мардымсыздығын ескерте отырып, оларға тапқыр да қызықты, нақты

да тұжырымды дәрістерді шеберлікпен оқып, жігерлендіру, саналарына білім, ғылым, адамгершілік, имандылық шуағын төгуден жалықпай еңбек ету керектігін айтты.

Майя Хажетдинқызы — отбасында да тәрбиелі ұл-қыз өсіріп, немере-шөбере сүйген абыройлы әже. Салмақты да сабырлы мінезімен, адамгершілік пен абырой туын әркез биік ұстаған, бүгінгі құрметке шын мәнінде лайық мейірбанды қалпымен ғұмыр кешіп келе жатқан Майя Хажетдинқызына мықты денсаулық, отбасына амандық, береке-бірлік тілейміз.

ШӘКІРТТЕРІ:
Т. МҰҚАШЕВА, б.ғ.д., профессор;
Р. БЕРЖАНОВА, б.ғ.к.,
Б.ЗЯЯДАН,
биотехнология кафедрасының
меңгерушісі, б.ғ.к., профессор

«Айналаңды нұрландыр» жобасы аясында халықаралық құқық кафедрасының студенттері «Бала – өмір шуағы» атты тақырыпта балаларға арнап көңілді кеш өткізді

«Дені саудың – жаны сау»

Жуырда филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінде жалпы тіл білімі және шетел филологиясы кафедрасы оқытушыларының ұйытқы болуымен «Саламатты дене мәдениеті» жобасы аясында халықаралық «SOS International Clinic» емханасының жоғары санатты дәрігері Генри Батджеспен кездесу өтті. Шараға «Шетел тілі: екі шетел тілі», «Шетел филологиясы» және журналистика факультетінің ағылшын тілінде оқитын «арнайы топ» студенттері қатысты.



Жастардың рухани әлемін байытып, салауатты өмір салтына тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылған кездесуде дәрігер Батджес «Қауіпті аурулардан сақтану жолдары», «Жастардың денсаулығына ішімдік пен шылым шегудің әсерлері» тақырыптарында студенттерге арнап ағылшын тілінде дәріс оқыды. Генри Батджес дәріс барысында адам өміріндегі денсаулық мәселесінің маңыздылығы, жастардың денсаулыққа немісқарайлы қарамай, дер кезінде дәрігерлік тексерістерден өтіп тұруларының қажеттілігі жөнінде маңызды мағлұматтар берді. Сонымен қатар дәрігер «Саламатты дене мәдениеті» жобасының қазіргі алмағайып заманда студенттерді теріс қылықтардан, жағымсыз іс-әрекеттерге әуестіліктен, денсаулыққа кері әсер ететін ақпараттардан сақтануға, салауатты өмір сүрудің мән-мағынасына негіз болатын бірден-

бір университетішілік бағдарлама ретінде өтіп жатқанына қолдау көрсететінін айта келіп, адамның ең өзекті қажеттіліктерінің бірі – дене мүшесі мен ақыл ойдың саулығын қалыптастыру қажеттілігінен туындаған «A Healthy Life» атты дәрісті ұйымдастырушы оқытушыларға ризашылығын білдірді. Тақырып төңірегінде студенттер тарапынан өзіне қойылған сұрақтарға тән саулығына кері әсер ететін уақтылы ұйықтамау, дұрыс тамақтанбау, жеке гигиенаны сақтамау, шамадан тыс әлеуметтік желілерде отыру, қазіргі технология жетістіктері нәтижесі болып табылатын байланыс құралдарын дұрыс пайдаланбау сияқты әрекеттерден сақтануға арналған танымдық-тәрбиелік слайдтарды арқау ете отырып, жан-жақты жауап берді. Ол дәріс тыңдаушылардың жадына тән саулығы, тазалығы, мәдениеті адам жанының саулығына негіз болатын алғышарт екендігін ұялатты. Олай

болса, тән – жанның тек тіршілігі үшін ғана қажет емес, оның көркейіп өсуіне, тәрбиеленіп қалыптасуына, өмірде кездесетін келеңсіз жағдайларға қарсы күресе алуына әсер ететін таным көзі.

Осындай дәрістер жастарымыздың денсаулығы мықты, рухани дүниесі бай, жаны мен тәні сау, танымдық белсенділігі мен шығармашылық қабілеті ерекше, адамгершілігі мен имандылық қасиеті үйлескен тұлға болып тәрбиеленуге әсер етері сөзсіз дегіміз келеді.

М. ЖАНАБЕКОВА,
А. МОЛДАСАНОВА,
жалпы тіл білімі және шетел филологиясы кафедрасының оқытушылары

ҚЫСҚА-НҰСҚА

«ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде ұлы ақын Абай Құнанбайұлының шығармашылығына арналған «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» атты жыр кеші өтті. Аталған жыр кеші Булан Жұмабектің ақын өмірі мен шығармашылығына арналған баяндамасымен ашылды. Кешке қатысқан тыңдаушылар Абай өлеңдерін мәнерлеп жатқа айтып, әндерін асқақтата шырқады. Қара сөздерін оқып, жас ақындарымыз ұлы ақынға арнауларын тарту етті. Тыңдаушылар арасында өнерлі жастар аз емес. Жәнібек Аят «Адай» күйін орындап, Ерлан Шаттық мың бұралған «Аққу» биін биледі. Жыр кешіне дейін факультетте өтілген ұлы ақын шығармашылығына арналған эссе жазу, сурет салу байқауларының жеңімпаздары анықталып, марапатталды. Кеш өте қызықты өтті.

К. ЕМБЕРГЕНОВА,
К. АБДИБЕКОВА,
ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушылары

Халықаралық қатынастар факультетінде «Саламатты дене мәдениеті» жобасы аясында қалалық студенттік емханасының бөлімшелік дәрігері Кокталов Асқат Кенжебекұлымен кездесу өткен болатын. Дәрігер «қызылша ауруы және оның таралу жолдары» атты тақырыпта дәріс оқыды. Ол қызылша ауруы қалай тарайтындығы туралы мәлімет бере отырып, аурумен қалай күресу керектігін айтып өтті. Кездесу барысында студенттер тарапынан өздерін толғандырып жүрген сұрақтар қойылып, студенттер маңызды мағлұматтар алды.

KazNU.kz

«Айналанды нұрланды» жобасы аясында халықаралық құқық кафедрасының 3-курс студенттері мен эдвайзер Б.А. Амандосұлы, Г.У. Ахметалиева, Ж.С. Жунисов «SOS Алматы Балалар ауылында» мекемесі қатысуымен «Бала-өмір шуағы» атты тақырыпта іс-шара өтті. «SOS Алматы Балалар ауылы» жетім және қамқорлықсыз қалған балаларды тәрбиелейтін балалар мекемесі балаларға жақсы көңіл-күй сыйлап қана қоймай, оларға әлеуметтік, рухани қолдау көрсеткен болатын. Балалардың көпшілігі музыкалық, спорттық, өнер мектептеріне, сондай-ақ, Оқушылар сарайына, мәдени мекемелерге барып тұрады. Әр жылы Балалар ауылының түлектері 16 жасқа толғанда ары қарай Жастар үйіне өтеді.

Халықаралық құқық кафедрасы

Қазақстандағы дінтанушыларды дайындайтын үлкен мектептің бірі – Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетінде орналасқан. Аталған ЖОО-ның дінтану мамандығының студенттерінің бір бөлігі билығы жылы Алматы қаласының жалпы білім беретін № 40 мектебінде педагогикалық тәжірибеден өтті. Өздерінің ұстаздық қабілетін шыңдауға келген университет студенттері білікті мұғалімдердің тәлімін тыңдап, қарым-қабілеттерін жетілдірді. Әлемдегі ең мәртебелі әрі үлкен құрметке лайық ұстаздық қызметтің қыр-сырымен кеңінен танысты. Студенттер дінтану пәнін өткізу барысында әлемдегі және қазақ жеріндегі дінге қатысты өзекті мәселелерді оқушылармен бірлесе отырып талдады. Оқушылар қауымының сан қырлы сауалдарына ҚазҰУ-дың дінтанушы студенттері тұщымды жауап қайтара білді. Тәжірибеден өткен тәлімгерлердің дәрістері мектеп ұжымының жоғары бағасына ие болды.

А. САРБАҒЫСОВ
Алматы қалалық № 40 ЖББМ директоры,

Е. ӘСКЕНҰЛЫ
философия және саясаттану факультетінің 4-курс студенті

КАЗНУ: МОСТ НАУКИ И ОБРАЗОВАНИЯ МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И ИРАНОМ

Иран с древности имеет исторические связи со странами Центральной Азии. Начало древних контактов и связей народов восходит к III-II тыс. до н. э. В середине II в. до н. э. как регулярная дипломатическая и торговая артерия начинает функционировать Шелковый путь. А сегодня развитие взаимоотношений выходит на качественно новый, конструктивный и эффективный уровень.

Наши культуры и цивилизации имеют много общего в самых различных сферах: это язык и литература, религия и духовное наследие, это искусство и этикет, обычаи и традиции.

Общий праздник иранских и тюркских народов Наурыз 30 сентября 2009 года был включен ЮНЕСКО в Репрезентативный список нематериального культурного наследия человечества.

Великий Шелковый путь долгое время соединял Иран и государства Центральной Азии. Он способствовал не только развитию торговых связей, но и интенсивному культурному обмену. В результате персидский язык, иранская культура и наука оказывают влияние на другие государства. В этот период времени в городах, расположенных вдоль Великого Шелкового пути, появляются большие библиотеки, в которых концентрируются научные знания. В архитектуре многих древних памятников истории можно проследить черты влияния иранской культуры. Мечети, медресе, мавзолеи и другие памятники в Южном Казахстане были возведены в иранском стиле. Ярким выражением плодотворного диалога и взаимопроникновения культур явился тюрко-соджийский синтез (Содг – впоследствии Мавераннахр). Согдийцы слу- жили в качестве дипло- матов, наставников тюркских каганов в грамоте, религиозных деятелей, писцов, чиновников, торговцев, строителей го- родов. Средневековые народы Ирана и Кыпчакской степи (Дашт-и Кыпчак) сыграли огромную роль в истории и культуре евразийского пространства, поддерживая интенсивные торговые, культурные и дипломатические контакты. Иран и Дашт-и Кыпчак стали ключевыми пунктами в международной торговле, во взаимодействии культур и языков различных народов Евразии.

В современных тюркских языках много

персидских слов и терминов. Персидский язык был литературным языком эпохи просвещенного средневековья. В начале XX века для казахского языка использовался арабо-персидский алфавит.

Наследие великих аль-Фараби, Кожа Ахмеда Яссауи, Фирдоуси, Хафиза, Саади, Хайяма, Абая, Шакарима и Мухтара Ауэзова – сегодня это наше общее достояние, которым гордятся наши народы.

В библиотеках Казахстана наличествует множество персидских рукописей с произведениями классиков. И наша задача – сохранить, защитить и исследовать эти ценные послания из прошлого. Жемчужину персидской поэзии «Шахнаме» Фирдоуси высоко ценили великие казахские поэты и ученые, такие, как Абай, Шакарим и Мухтар Ауэзов. В настоящее время над переводом «Шахнаме» на казахский язык трудятся несколько переводчиков под руководством казахстанских профессоров. На сегодняшний день уже переведено и опубликовано четыре тома этой поэмы.

Тесно переплетены наши народы и в сфере человеческих ресурсов. Иранцы казахского происхождения живут в основном в провинции Гулистан, а казахи иранского происхождения живут в основном на юге Казахстана. После обретения Казахстаном независимости наши отношения еще более сблизились и расширились. Казахи, которые после десятилетия жизни в Иране возвращаются в свою историческую родину, являются послами культуры и цивилизации Ирана.

Дипломатические отношения между Казахстаном и Ираном установлены 29 января 1992 года. С тех пор между нашими государствами подписано более 60 соглашений о сотрудничестве в различных сферах, в том числе в области науки и образования, культуры. С этого времени в Казахском университете им. аль-Фараби

начинает преподаваться персидский язык. Ежегодно лучшие преподаватели иранских университетов отправляются в разные страны (в том числе и в Казахстан) для преподавания персидского языка и литературы, а также ознакомления казахстанских студентов с иранской культурой.

Взаимодействие КазНУ имени аль-Фараби и Иранского культурного центра при Посольстве ИРИ расширению научно-технического сотрудничества и академического обмена учеными, преподавателями, студентами, регулярно проводятся научные конференции, методические семинары и встречи. В декабре 2014 года делегация КазНУ им. аль-Фараби во главе с ректором академиком Г. Мутановым посетила вузы Исламской Республики Иран. В ходе визита состоялась встреча ректора КазНУ с ректором и преподавателями Университета Шахид Бехешти и Исследовательского центра гуманитарных наук, с которыми подписаны Меморандумы о сотрудничестве. С большим успехом прошла презентация монографии академика Г. Мутанова «Mathematical Methods and Models in Economic Planning, Management and Budgeting», которая выставлена в Национальной библиотеке Ирана.

Президент Ирана Хасан Рухани в ходе выступления с лекцией в Назарбаев Университете сказал: «Мы не только можем использовать наши ресурсы, такие, как нефть и газ, но мы можем использовать наши научные, философские и культурные ресурсы. Обмениваться именно ими. Мы можем действовать в качестве моста для мира. Мы являемся детьми аль-Фараби, мы являемся детьми Авиценны и Хорезми, Рудаки и Фирдоуси. Мы можем оживить науку и мышление».

И именно таким мостом мира и сотрудничества, мостом науки и образования мы хотели бы назвать крупнейший университет Центральной Азии – Казахский национальный университет им. аль-Фараби. Нет сомнений в том, что визит делегации университета во главе с академиком Г.М.Мутановым в Иран принесет свои плоды, и наше сотрудничество будет расширяться и укрепляться.

Доктор Асгар Сабери,
Атташе по культуре Посольства Республики Иран в Казахстане

На факультете журналистики состоялся круглый стол, посвященный освещению в СМИ вопросов трудовой миграции с учетом гендерных аспектов и соблюдения прав человека на примере Казахстана и Центральной Азии

ИЗВЕСТНО, ЧТО УГЛЕРОДНЫЕ МАТЕРИАЛЫ ИМЕЮТ БОЛЬШОЕ ЗНАЧЕНИЕ ДЛЯ РАЗЛИЧНЫХ ОТРАСЛЕЙ ПРОИЗВОДСТВА, ОДНАКО ВСЕ ИСПОЛЬЗУЕМЫЕ В КАЗАХСТАНЕ УГЛЕРОДНЫЕ СОРБЕНТЫ ЯВЛЯЮТСЯ ИМПОРТНЫМИ.

Организация местного производства углеродных материалов традиционными способами нецелесообразна ввиду значительных энергетических затрат, а также экологической вредности производства и низкой степени выхода продукта. В связи с чем проблема выпуска углеродных материалов (наполнителей резиновых смесей, пластмасс и других композиционных материалов, сорбентов и др.) на основе передовых экологически чистых инновационных технологий с использованием



дешевого сырья очень актуальна.

Учеными ДГП «Центр физико-химических методов исследования и анализа» КазНУ (ЦФХМА) на протяжении 20 лет ведутся научные исследования, связанные с изучением и практическим использованием этого сырья. Основной целью этих изысканий является разработка эффективной технологии получения углерод-минеральных материалов на основе шунгитового концентрата.

Источником шунгитового сырья служат золоторудные месторождения Восточно-Казахстанской области, где шунгитовый минерал в черносланцевой толще общим запасом более 30 млн. тонн был обнаружен еще в

70-х годах. Однако, долгое время казахстанские шунгитовые породы не находили широкого практического применения.

В кандидатской диссертации научного сотрудника ЦФХМ С.А. Ефремова в 2000 году впервые было проведено исследование местных шунгитовых пород месторождения

«Большевик», которое показало возможность использования шунгита в качестве заменителя технического углерода при наполнении композиционных материалов, а также в электротермических процессах в качестве заменителя металлургического кокса.

На основании полученных результатов была определена задача – разработать эффективную технологию обогащения шунгитовых пород, определить возможности использования местного шунгитового сырья в сорбционных процессах. Достижения поставленной цели были отражены в кандидатских диссертационных работах С.В. Нечипуренко (2007 г.), А.В. Целя (2010 г.), К.К. Хамитовой (2010 г.) и докторской диссертации С.А. Ефремова (2010 г.). Научные исследования финансировались Министерством образования и науки РК за счет фундаментальных и прикладных проектов, результаты которых были опубликованы в более чем 50 научных публикациях и 10 охранных документах.

Важной целью деятельности ЦФХМА является поиск возможностей внедрения научных разработок в промышленные процессы. В 2009 году сотрудники ЦФХМА совместно с АО «Фонд науки» в рамках реализации научного

проекта провели маркетинговые исследования областей применения шунгитовой продукции, разработали нормативно-технологическую документацию промышленного производства. По итогам анализа рынка потребления продуктов переработки шунгитовых пород и опытно-промышленных испытаний в 2012 году, при содействии АО «НАТР», был разработан бизнес-план «Организация производства композиционных углерод-минеральных материалов». Для коммерциализации

компаниями, как: ТОО «Казфосфат», ОАО «ЭНПО «НЕОРГАНИКА», ТОО «Георесурс Инжиниринг» и др.

В октябре 2014 года в п. Ауезов (ВКО) запущено опытно-промышленное производство по переработке углерод-минеральных шунгитовых пород, являющееся первым звеном будущего промышленного комбината по получению технического углерода широкого назначения. Производительность комплекса составляет 2000 тонн/год по шунгитовому концентрату. В результате запуска

производства было создано 25 рабочих мест технического и специализированного персонала. Выход производства на плановую мощность планируется на апрель текущего года. Научные исследования по шунгитовой тематике продолжаются группой ученых в «Комплексной программе фундаментальных исследований «Казахстанский шунгит» по определению приоритетных направлений использования шунгитовых материалов и изделий на 2013-2015 гг.» за счет грантового финансирования МОН РК и отражается в PhD-диссертационных работах молодых ученых Р.Токпаева, А. Кабулова, А. Атачбаровой.

д.т.н., проф. **М.К. НАУРЫЗБАЕВ**,
д.х.н. **С.А. ЕФРЕМОВ**,
к.т.н. **С.В. НЕЧИПУРЕНКО**, к.т.н.
К.К. ХАМИТОВА,
Центр физико-химических методов
исследования и анализа

исследований в 2011 году ЦФХМА получил финансовую поддержку от Всемирного банка и МОН РК на развитие инновационного проекта «Создание опытно-промышленного производства наноструктурированных углеродсодержащих материалов для химико-технологических процессов», было образовано дочернее предприятие ТОО «Aim Lab».

В 2013 ТОО «Aim Lab» при ЦФХМА на базе Агробиоцентра КазНУ запустил опытное производство по выпуску активированных углей и углерод-минерального сорбента из шунгитового сырья для очистки газозвудушных смесей и сточных вод бытового и промышленного секторов. Выпускаемая продукция представлена активными углеродными сорбентами (березовый, кокосовый, древесный), а также углерод-минеральным на основе шунгита. Имеется уже несколько коммерческих контрактов на поставку продукции с такими



КАФЕДРА

Читая Послание Президента РК Н.А. Назарбаева, невольно задумываешься: а что же все-таки важно для народа, что будет всегда стоять в приоритете? Конечно, все пункты не менее важны, они все взаимосвязаны, но многие бы согласились, что хотели бы, прежде всего, быть образованными, так как без образования мы не достигли бы того, что уже имеем.

Являясь магистрантом КазНУ, я рада получаемым здесь знаниям. Моя кафедра – кафедра менеджмента и маркетинга Высшей школы экономики и бизнеса была образована в 2011 году и уже на протяжении четырех лет радуется своим достижениями. Кафедра обладает огромным

Знания – сила!

образовательным, научным, духовно-воспитательным, инновационным и производственным потенциалом, который эффективно и в соответствии с самыми современными подходами используется для подготовки специалистов высшей квалификации. Коллектив кафедры ведет активную научно-исследовательскую работу. НИР кафедры заключается в изучении различных направлений теории и практики управления экономикой Казахстана, выявлении существующих проблем и разработки путей их решения. Руководителями исследований по каждому направлению являются ведущие профессора и доценты кафедры. Основное усилие кафедры направлено на исследование важных аспектов проблем реформирования экономики

Республики Казахстан – управление регионами в условиях формирования инновационной экономики, повышение конкурентоспособности отечественных компаний в условиях глобализации, формирование системы управления качеством продукции, развития предпринимательства, маркетинговой деятельности и маркетинговых исследований, логистики в РК, в отдельных отраслях и фирмах страны и др.

Особыми заслугами кафедра известна участием в разных проектах, конкурсах и грантах. Кафедра выполняет фундаментальный научный проект на тему: "Эффективное управление регионами РК в условиях развития инновационной экономики". Начиная с 2015 года кафедра решила запустить прорывной проект – «Центр

подготовки проектных менеджеров». Целью центра является осуществление инновационной деятельности в образовательной сфере, формирование и распространение знаний посредством научных исследований и преподавания специальных курсов в области управления проектами в соответствии с современными требованиями проектного менеджмента в РК и за рубежом. На данный момент идет постепенное привлечение магистрантов для прохождения курсов в данном Центре.

М. СУЮНЧАЛИЕВА,
магистрант 2 курса ВШЭБ
(руководитель профессор ВШЭБ
К.С. Мухтарова)

ИСА ОМАРУЛЫ БАЙТУЛИН – Қазақстан Республикасы ҒА академигі, биология ғылымдарының докторы, профессор. Көптеген монографиялық еңбектердің авторы. Шетелдік: Австрия, АҚШ, Израиль, Моңғолия, Ресей, Канада, Қытай, Украина, Ұлыбритания, Польша, Чехия, Орта Азия ғалымдарымен тығыз байланыстағы ботаник-ғалым. Өз өмірінде 22 ғылым докторын, 50-ден аса ғылым кандидаттарын дайындаған. И.О. Байтулиннің ғалым-шәкірттері Қазақстанның түкпір-түкпірінде, шетелдерде ғылыми жұмыстармен айналысады. Ғылымға еңбек сіңірген қайраткер, Қазақстан ботаниктерінің атасы биыл 2015 жылы 87 жасқа толып отыр.



Ұстазға арнау

Академик – Байтулин Иса Омарұлы!
Бар ма екен ботаник одан ұлы!
Киелі өлке – Түркістан түлеткен ер,
Қымбат елге ерлеген ағалығы!

Өсімдік өлкесіне бағын берген,
Шәкірт деп шырыл қағып жанын берген.
Ары – таза, жаны – бақ жайсан адам,
Кешегі ғұламалар жолын көрген.

Алдыменен Отбасы ұғымында,
Басын иген ғалымға ұлығын да!
Шәкірті Н. Мұхитдинов жарап жатыр,
Жетістікке жетуде тұғырында.

Төріне жайып әлем кілемдерін,
Қазақтың белден басып күрен белін.
Алты құрлық арасын шарлап өткен,
Алтайдың басып өтіп сілемдерін.

Гоби шөлі, Қытай да, Алтайы бар,
Барғанда жатады мыс маркайып әр.
Іленің іңірі мен Сібір жолын,
Жоталарын шарлаған шалқайып ал!

Еліне жайған ашық құшақ бәрі,
Білімін берік алды бұтақтары.
Ғасырлар тоғысында қалатындай,
Том-том боп таралуда кітаптары.

Ризология – сала еді ғой талапты әрі,
“Тегга incognito” деп кеткен қарап бәрі.
Аркасында Байтулиннің жаңа ғылым,
Ашылды ордамызда парактары.

Лаулатқан білімімен бір ошақты,
Ғылымның тауқыметін мың асапты.
Қазақтың бір ғалымы – Иса Омар!
Байтулин, Патша көңіл парасатты!

Бекзада ИСАЕВА, ҚазҰУ түлегі

Ұстаздардың еңбектері бағаланды

Жақында ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің Ғылыми кеңесінде Ауған жастарын тәрбиелеуге үлкен үлес қосып жүрген факультет ұстаздары марапатталды.

Хорлан Каскабасова, Әлия Райымбекова, Клара Якубаева, Айжан Ахмедова, Айда Айтпаеваға «Алғыс хат» пен сыйлықтар табысталды. Алғыс хатта: «Білім мен еңбеккерліктің арқасында Сіздер білікті маман даярлап келесіздер. Бүгінгі таңда мұндай мамандар дамушы Ауғанстанға аса қажет. Біздің еліміздің алға жылжуына ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың сарабдал сыртқы саясаты үлкен демеу беріп отыр. Ал Сіздердің жұмыстарыңыз арқылы екі ел арасындағы ынтымақтастық нығая түсуде», – делінген. Жиналыста факультет деканы т.ғ.к., доцент Ж.Е.Жаппасов оқытушыларды шын жүректен құттықтап, еңбектеріне табыс тіледі.

Г.А. МОЛДАҒАЛИЕВА,
ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының оқытушысы

Қазақстан Республикасы мен Ауғанстан Ислам Республикасының білім беру саласындағы ынтымақтастық келісіміне 5 жыл толуына орай Қазақстан халқы ассамблеясы мен «Ариана» «Ауған орталығы» ауғанстандық тыңдаушылармен 3 жылдан астам уақыт жұмыс істеген оқытушыларға, атап айтсақ, Жазира Молдағалиева, Марат Амирканов, Гүлжан Молдағалиева, Гүлнар Кәкішева, Рахила Наралиева, Гүлжан Сапаева, Айнұр Бейсекенова, Жібек Абдуллаева, Сәуле Сүлейменова, Салтанат Нусупбаева, Мариам Көккөзова, Роза Дүйсетаева,

ЖИЗНЬ, СВЯЗАННАЯ С ALMA MATER

В КазНУ сконцентрировано наибольшее количество ведущих ученых республики, что говорит об уникальности интеллектуального потенциала вуза. Одной из ученых, награжденных золотой медалью «80 лет КазНУ имени аль-Фараби» за вклад в развитие университета, является Тамара Салахитдиновна Сарбасова. Её имя и вся научно-педагогическая деятельность тесно связаны с Казахским национальным университетом им. аль-Фараби.



Во все времена к труду преподавателя предъявлялись самые высокие требования: он всегда был образцом высокой эрудиции, интеллигентности, творческого горения. Тамара Салахитдиновна пользуется заслуженным авторитетом как ответственный, компетентный, высококвалифицированный специалист, талантливый ученый и педагог. Владущая методами и приемами научного познания, современными научными инструментариями и концепциями глобальной экономической мысли, Тамара Салахитдиновна не только представитель яркой плеяды ученых-теоретиков советской школы, но и современный носитель, очевидец реформирования образования, методик преподавания.

Тамара Салахитдиновна безмерно любит науку и предана ей. В ее работах присутствуют теоретически глубоко разработанные и идеологически обоснованные концептуальные подходы к изучению многих сложных дисциплин, как институциональная экономика, методика преподавания правовых и экономических дисциплин, основы экономических теорий, экономика инфраструктуры рынка, экономика образования и актуальные проблемы экономики образования, как политическая экономика, экономика образования, основы права и экономики и т.д. За годы работы ею пересмотрены тематика, планомерность изучаемых научных проблем и учебных дисциплин, их актуальность, перспективность, фундаментальность и прикладной характер научных исследований, связь их с производством и вызовами конкурентной практики, что немаловажно для будущих специалистов. Качество знаний учащихся, их способность стать в будущем грамотными специалистами – это очень важно для неё. Она ведёт занятия на высоком научно-методическом уровне, результативно и качественно участвует в разработке учебно-методических материалов. Проявляет инициативное и заинтересованное участие в работе семинаров и конференций, в общественной жизни кафедры, факультета и университета, в воспитательной работе со студентами.

Т. Сарбасова очень разносторонний человек, специализируется не только в сфере экономики, но и в области основ права, социологии, политологии. Деятельность профессора многогранная и плодотворная, всегда и во всем связана с самыми передовыми идеями и знаниями. Она является автором многочисленных научных трудов, монографий, учебников. Под ее руководством были защищены две кандидатские диссертационные работы и написаны около 40 учебно-методических материалов. Как заслуги ее трудоемкой научной деятельности

– множество наград, поощрительных и благодарственных писем и грамот.

Тамара Салахитдиновна является для нас не только профессором с большой буквы, но и отличным педагогом, у которого можно научиться многому. Секретом ее неиссякаемой работоспособности является отношение к работе и страсть передачи своих знаний молодому поколению, чем она занимается до нынешних пор. Она способна прислушиваться к мнению студента, всегда открыта для нового, готова приобретать знания вместе со своими студентами. Тамара Салахитдиновна – современный и грамотный преподаватель, который подходит к делу творчески, с интересом, вкладывая в свой предмет не только время, но и душу. Такого человека, как Тамара Сарбасова, аудитория всегда слушает с вниманием, заряжаясь эмоциями и перенимая любовь к предмету. Как наставник старается по мере своих сил и способностей сделать так, чтобы студенты сами творили учебный материал.

Тамара Салахитдиновна особенно уважает и любит одаренных, честных людей. Она, проявляя заботу о молодых ученых, помогает научными советами в определении направления исследований. Именно ее созидательный труд служит примером для студенческой молодежи, в том, что знание – это содержание и сущность жизни каждого человека.

Тамара Сарбасова – приятный человек. Как коллега она может поддержать в трудной ситуации, легко находит общий язык и делится мнениями на любые темы. Она добросовестна, справедлива, работоспособна, ответственна и честна. Она относится к друзьям и коллегам с позиции высокой порядочности.

Уважаемая Тамара Салахитдиновна! Ваша большая и плодотворная работа по обучению студентов – это реальный и значимый вклад в наше будущее. Вы пользуетесь заслуженным авторитетом как ответственный, компетентный педагог, опытный организатор. Высокая самоотдача, настойчивость и постоянный поиск эффективных путей решения поставленных задач помогают Вам в многогранной деятельности, направленной на развитие образования в сфере экономики и основ права. Желаем Вам успехов, крепкого здоровья и всего самого доброго!

Ж. БЕЙСЕНБАЕВ,
старший преподаватель ВШЭБ,
М. БЕЙСЕНБАЕВА,
магистрант



О поэзии Федора Тютчева

Среди бесценных духовных сокровищниц, которыми Россия одарила человечество, особое место принадлежит русской лирической поэзии. Не случайно В.Г. Белинский назвал лирику «душой всякой поэзии».

внутреннего в природе и человеке. Он воспринимает природу целостно. Как организм, как универсум, как нечто живое, пребывающее в постоянном движении. Природа равна индивидуальности, она есть личность, человеческое существо. Но это касается одухотворяемой поэтом природы в целом, а не объективных её проявлений.

Каждое стихотворение поэта рисует мгновенное состояние, но обращено и повернуто ко всему бытию и бережно хранит его образ и смысл. Суть диалектики Тютчева слить небесное с земным и наоборот:

И не дано ничтожной пыли
Дышать божественным огнём.
Двойственность природы человека как бы погружает его в постоянный «сон». Подлинного покоя и счастья человеку не дано, по Тютчеву.

Это и придает лирике Тютчева высшее значение, поскольку в любом явлении открывается философский смысл. Даже, казалось бы, вполне реальная зарисовка природы неожиданно превращается в философскую картину:

Мы едем – поздно – меркнет день,

И сосен, по дороге, тени
Уже в одну слилися тень.
Черней и чаще бор глубокий...

Сумрак связывается с психологическим состоянием грусти, что поддержано непосредственным восклицанием: Какие грустные места!

Однако неожиданно последние два стиха переводят пейзаж в философский план:

Ночь хмурая, как зверь стокий,
Глядит из каждого куста.

В 50-70-е годы принципы поэтики Тютчева при всей их устойчивости дополнились новыми качествами. Происходит пристальное всматривание поэта в русскую действительность и постижение её. Всей душой сочувствуя страданиям родины, Тютчев обобщает свои размышления («Умом Россию не понять...», «Русской женщине», «Слезы»). Наряду с усиление социальных мотивов в лирику Тютчева всё чаще проникает предметная и психологическая конкретность, точные картины пейзажа и даже строго определенного времени.

И наконец, подлинный расцвет переживает любовная лирика Тютчева, в

которой чувство сострадания к любимой женщине превышает эгоистические желания и высоко поднимается над ними. Поэт осмысливает любовь как «поединок роковой» двух сердец, как изначальное боренье страстей, могущих иссушить души, но дать им ощущение очарованья и блаженства. В этом слиянии и противоборстве чувство женщины оказывается естественнее сердечных движений мужчины. В этой доподлинной искренности Тютчева заключен нравственный смысл, умножающий сопереживание. Психологическая конкретность ситуаций любовного цикла сочетается в нем с общезначимостью эмоций, с вещими прозрениями, выводящими его из узких сфер интимной лирики к самым сокровенным думам о человеческой душе в ее высших проявлениях и свойствах.

Эта всеобщность идей Тютчева сближала с духовными исканиями поэтов XX века...

Райгуль МЕЙРАМГАЛИЕВА,
доцент кафедры русской филологии,
русской и мировой литературы

Отличительной чертой лирики Тютчева было то, что поэт не стремился переделывать жизнь, а пытался понять ее тайны, ее сокровенный смысл. Именно поэтому большую часть его стихотворений пронизывают философские мысли о таинственности Вселенной, о связи человеческой души с космосом.

Всеобъемлющая лирика поэта

Лирику Тютчева тематически можно разделить на философскую, гражданскую, пейзажную и любовную. В каждом стихотворении эти темы тесно переплетаются, превращаясь в удивительно глубокие по смыслу произведения.

Мир Тютчева полон таинственности. Одна из его загадок — природа. В ней постоянно противостоят и сосуществуют две силы: хаос и гармония. В избытке и торжестве жизни проглядывает смерть, под покровом дня скрывается ночь. Природа в восприятии Тютчева непрерывно двоится, «поляризуется». Тютчевским картинам природы свойствен динамизм. В его лирике природа живет в разные часы дня и времена года. Созвучию природы противопоставлен вечный разлад в человеческой жизни. Пейзажная лирика Тютчева наполнена философским содержанием. Поэт говорит, что природа

мудра и вечна, она существует независимо от человека.

К гражданской лирике относятся стихотворения «14-е декабря 1825», «Над этой темной толпой...», «Последний катаклизм» и другие. Тютчев был свидетелем многих исторических событий в русской и европейской истории: война с Наполеоном, революции в Европе, польское восстание, Крымская война, отмена крепостного права в России и других. По мнению поэта, человек потерял веру, без света которой душа «иссушена», а мучения его невыносимы. Во многих стихотворениях звучит мысль, что человек не справился с возложенной на него миссией на Земле и его должен поглотить Хаос.

В любовной лирике поэта пейзаж часто соединен с чувствами влюбленного героя. К шедеврам тютчевской любовной лирики относится «денисьевский цикл»,

посвященный его возлюбленной Е. А. Денисьевой, отношения с которой продолжались 14 лет до самой ее смерти. В этом цикле поэт подробно описывает этапы их знакомства и последующей жизни. Стихотворения представляют собой исповедь, как бы личный дневник поэта. Последние стихотворения, написанные на смерть любимой, потрясают трагичностью.

Лирика Тютчева по праву вошла в золотой фонд русской поэзии. Она насыщена философскими мыслями и отличается совершенством формы. Интерес к исследованию человеческой души сделал лирику Тютчева бессмертной.

Еркеназ ЖУМАЖАНОВА,
студентка 3 курса
кафедры русской филологии,
русской и мировой литературы

**СТИХОТВОРЕНИЯ
ФЕДОРА ИВАНОВИЧА ТЮТЧЕВА**

*Умом Россию не понять,
Аршином общим не измерить:
У ней особенная стать —
В Россию можно только верить*
1866

*Опять стою я над Невой,
И снова, как в былые годы,
Смотрю и я, как бы живой,
На эти дремлющие воды.*

*Нет искр в небесной синеве,
Все стихло в бледном обаяньи,
Лишь по задумчивой Неве
Струится лунное сиянье.*

*Во сне ль все это снится мне,
Или гляжу ль я в самом деле,
На что при этой же луне
С тобой живые мы глядели?*
1868

*Природа — сфинкс. И тем она верней
Своим искусом губит человека,
Что, может статься, никакой от
века
Загадки нет и не было у ней.*
1869

*Нам не дано предугадать,
Как слово наше отзовется, —
И нам сочувствие дается,
Как нам дается благодать...*
1869

Бешмі жүргізіген әл-Фараби кітапханасының бас кітапханашы-менеджері Шынар МҰҚАШЕВА

**28 қаңтарда шығыстану факультетінде
Үндістанның Республика күні аталып өтті**



БАҚЫТТЫ ҚАЗҰУ ЖАСТАРЫ!

Арманы асқақ,
Бақытқа бастан,
Жүретін шаттық ішінде.
Күндерім қамсыз,
Шүкірлік сансыз,
ҚазҰУ-лық екенім үшін де.
Өмірдің бұл жер бастауы,
Бақытты ҚазҰУ жастары.
Ізденіп талмай,
Қапыда қалмай,
Білімнің қазып құдығын.
Жаманнан қашық,
Көздері ашық,
Ішетін судың тұнығын.
Істейтін қатты бастары,
Тым зерек ҚазҰУ жастары.
Көненің көзін,
Дананың сөзін,
Жадына тоқып өшпестей.
Ұқсайтын гүлге,
Өтпейтін мүлде,
Үлкеннің алдын кес-кестей.
Көп адал, асыл достары,
Ақкөңіл ҚазҰУ жастары.
Дамытып жерін,
Танытып елін,
Отанның болып намысы.
Тек алға басып,
Жаңалық ашып,
Пайдаға жарап әр ісі.
Елінің ерлік дастаны,
Елсүйгіш ҚазҰУ жастары.
Жігіті нардай,
Қыздары балдай,
Сегіз де қырлы, бір сырлы.
Қолдары шебер,
Келеді нелер,
Меңгерген өнер түр-түрлі.
Өтпеген босқа жас шағы,
Өнерпаз ҚазҰУ жастары.
Арқалап арман,
Сара жол салған,
Өмірдің керуен көшінде.
Асу көп алар,
Талай із қалар,
Даланың байтақ төсінде.
Аса алмас бар ма асқары?!
Табанды ҚазҰУ жастары.
Елім деп менің,
Жерім деп менің,
Келеді өсіп "болашақ".
Керемет әлі,
Болады бәрі,
"Сіз", "біз" деп күліп қарасақ.
Мәңгі ашық болсын аспаны,
Ең мықты ҚазҰУ жастары!

Нұрғазы НҮРБОЛАТ

Мақсаты мен міндеті айқын, нәтижелі де табысты қызмет атқарып келе жатқан – «Көмек» қоғамдық қоры барша еріктілердің басын бір жерге жинап, белсенді түрде еңбек етіп жүргендігі ҚазҰУ ұжымын да қуантуда. Еліміздегі балалар және қарттар үйімен тікелей байланыс орнатқан университетіміздегі аталмыш ұйым туралы және еріктілер жайлы студенттерімізге толықтай ақпарат беру мақсатында ұйымның төрағасы, экономика және бизнес жоғары мектебінің 1-курс магистранты – Жанәділ Текебаевпен жүргізген сұхбатты назарларыңызға ұсынып отырымыз.

Жанәділ ТЕКЕБАЕВ,

экономика және бизнес жоғары мектебінің 1-курс магистранты, «Көмек» қоғамдық қорының төрағасы:

**“СТУДЕНТТЕРІМІЗ
ӘЛЕУМЕТТІК ЕРІКТІ
ЖҰМЫСТАРДА БЕЛСЕНДІ”**

– Алғашқы сауалымызды «Көмек» қоғамдық қорының атқаратын міндеттері мен мақсаттарынан бастасақ?

– Әрқашанда "Көмек" қоғамдық қорының тарихы туралы айтқан кезде біз, бірінші кезекте, осындай еріктілік жұмыстың басталуына әрі оның бірізділікке салынып, ұйым ретінде қалыптасуына ерекше үлес қосқан Шаймерденова Айнұр, Ишанғалиева Сауле, Мурсалимов Айбек және басқа да белсенді студенттерді айтқанды жөн көреміз. Себебі, аты аталған тұлғалар біздің өткенімізді құрастырып кетті, егер тарихымыз болмаса бүгінгіміз ешбір көрініссіз қалушы еді. Сонымен қатар сол бір мейірімді жандардың ізін жалғастырған Бірімжанов Алмас, Сәлімжанов Қайсар мен Момынова Маржан бастаған келесі толқынның еріктілері жандандыра жұмыс атқарды. Ұйымымыздың заңды тұлға ретінде тіркелуі осы жандардың жұмысы барысында өткізілді.

Жақын уақытта біз өз ұйымымыздың құрылуының 4 жылдық мерейтойын атап өтсек, заңды түрде қоғамдық қор болып тіркелгенімізге бір жылға тарта уақыт өтті. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дағы "Көмек" қоғамдық қорының басты мақсаты - әртүрлі балалар үйлері мен мүмкіншілігі шектеулі балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттар тәрбиеленушілеріне рухани көмек көрсету, олардың ауруға қарсы күресін тоқтатпауына көмектесіп әрі өмірге деген құлшынысының артуына, қоғамға бейімделуіне ықпал жасаумен қатар рухани көмек көрсету. Сонымен қатар, университетіміздегі студенттік жастар арасында әлеуметтік жауапкершілік, өзара көмек пен қолдауды дамыту, патриоттық сезімді, көшбасшылық қабілетті, экологиялық, эстетикалық негіздерді қалыптастыру.

Қазіргі таңда ұйымда 300-ге жуық еріктілер бар. Әр жыл сайын құрамымыз жаңарып отырады. Жалпы, кез келген істі бастамас бұрын алда кездесетін қиындықтар мен әрбір оқиғаларды ой сарасынан өткізіп, өздерінің әсер ете алу күйін анықтап қана тәуекелге барған абзал деп ойлаймын.

– Ірі іс-шараларыңызды, жобаларыңызды тілге тиек етсеңіз...

– Біздің жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп отыратын іс-шараларымызбен қатар, жобаларымыз да бар. Оны көптеген белсенді студенттер біледі деп ойлаймыз. Мысалы, біз бірлесе жұмыс жасайтын балалар тәрбиеленетін мекемелердегі дәстүрлі мерекелік іс-шараларды қоспағанда, "Жарқын жұлдыз", "Интернаттар арасында футбол чемпионаты", факультеттердегі "Тәтті токештар жәрменкелері", "Балалар жасаған колөнер бұйымдары жәрменкелері" секілді жобалар дәстүрлі түрде жүзеге асырылып келеді. Осы жұмыстармен қатар репетиторлық жұмыстар да тұрақты түрде жүргізіліп отырады. Биыл біз жанадан қолға алған жобамыз "Еріктілер мектебі" болды. Бұл жобаны сәуір айында Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының ұйымдастыруымен өткен "Әлеуметтік трамплин" байқауында жеңіп алған грант есебінен өткіздік. Жоба туралы толығырақ айтатын болсақ, негізгі мақсат – жанадан қатарымызға қосылған еріктілердің өздері жұмыс істегелі отырған балалардың ерекшеліктері туралы әрі олармен жұмыс істеу әдістері туралы арнайы мамандардан дәріс алу. Бұл жоба қазан-қараша айларында университетіміздің қабырғасында өткізілді. Нәтижесінде біз бірге жұмыс жасайтын барлық балалар тәрбиеленетін мекемелер, "Ардагерлер үйімен" қатар Студенттер емханасынан мамандар келіп дәрістер өткізді. Осы ұйымдастырылған дәрістерге қатысқан 100 еріктімізге арнайы сертификаттар табыстадық. Алдағы уақыттағы жобаларымыз әрі балаларға, әрі студенттерге бағытталған іс-әрекеттер болатыны анық.

– Студенттеріміздің осындай қоғамдық ұйымдарға деген белсенділіктерін, жалпы қоғамдық жұмыстағы жастарымыздың деңгейін қалай бағалар едіңіз?

– Жалпы студенттердің әлеуметтік жауапкершілігінің еріктілік жұмыстар арқылы көрініс табуы – Отанына шын жанашыр екендігінің айқын белгісі екендігін көрсетеді. Әрбір жас буын «Біз өзгенің жанын түсінуге тырысамыз, өзіміз секілді өзгенің де бақытты болғанын қалаймыз» деген ұстанымды алға тартып, сол ой төңірегінде істер атқарса,



нұр үстіне нұр болар еді. Басты шындық – біздің әрбір студентіміз белсенділікке жақын, элиталық деңгейі жоғары, қоғаммен тез араласа алатын, барлық істе жалынды және жігерлі. Жастарымыз бұрын да солай болған, бүгін де солай, болашақта да өз белсенділіктерін жоғарылатпаса, азайтпасы анық. Әрине, бұл менің жеке пікірім.

– Қоғамның қазіргі таңда дертіне айналған «қағазбастылыққа» қалай қарайсыз? Сіздер сол дерттен амансыздар ма?

– Кез келген дүниеге бір жақты қараған дұрыс емес. Егер жақсы тұсы көбірек болуы - жаманының жоқтығын білдірмейді. Сондықтан, бұл мәселеде қысқа ойлауға болмайды. Қағазбастылық - бір жағынан керек-ақ, екінші жағынан, көп уақытты қажет етеді. Біз бұл мәселеге көп тоқтамаймыз. Жұмыстар негізінен қағаз жүзінде емес, іс жүзінде орындалады. Алайда, есеп беру мен жоспарлар үшін қағаздар жүзіндегі негіздемелер болуы заңды, мұндай қажеттілік бізде бар.

– Сөз соңында айтарыңыз бар ма?

– Біздің "Көмек" қоғамдық қорының еріктілері – өзін-өзі дамытумен қатар, өзгелердің дамуына, артта еріп келе жатқан тағдыр сынына ұшыраған іні-қарындасарымыздың қоғамға бейімделіп, өмір сүруге деген, өзгелерге қол ұшын созуға деген ынта-ықыластарының артуына мейлінше көмек көрсетеді. Олар қоғамға жақсылық жасауды өздерінен бастайды. Өзгелерге жақсылық жасау арқылы жандары нұрға бөленеді. Ал осындай жастары бар біздің елдің әрдайым бүгінгі баянды, болашағы жарқын, атар таңы арайлы болмақ.

– Сұхбатыңызға рақмет! Сіздердей айналаны нұрландыратын, жандары ізгілікке толы жандар көбейе берей! Алдағы істеріңізге сәттілік пен жемісті нәтиже тілейміз!

Сұхбаттасқан
Дина ТӨЛЕГЕНОВА

Мектеп қабырғасынан, ата-анамыздың аялы алақанынан алыстап, асқақ армандар жетегінде Алматыға оқуға келу кімге де болмасын біраз қиындықтар тудырады. Сондай кезеңде қамқорлық көрсетіп, бізді қанатының астына алған, шәкірттеріне аса мейірімді, сөзіне берік, шыншыл мінезді, өнегесі асыл, ойы өткір ұстаз, біздің кураторымыз Мылқайдаров Әлім Төлеқұлының есімін әрқашан мақтанышып айтуға болады.

Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы», – деген сөз тегіннен-тегін айтылмаса керек. Ұстазымыздың бізге үнемі айтатын жақсы сөзі бар: «Алдыларына мақсат қоя білдіңдер және де сол мақсатқа жету жолында ештеңеден тайсалмаңдар. Себебі мақсатсыз адам ештеңеге қол жеткізе алмайды», – дейді. Кураторымыздың осындай қанатты сөздері енді ғана еркін өмірге қадам басып келе жатқан біздерге күш беріп, тәрбиеге баулып, өмірдің мәнін ұғындырады.

**“ҰСТАЗЫ ЖАҚСЫНЫҢ –
ҰСТАМЫ ЖАҚСЫ”**

Студенттер үйіне арнайы келіп, қазақ елінің түпкір-түпкірінен жиналған біздердің басымызды қосып, отбасымызды, Отанымызды, университетімізді сүю керектігін түсіндіріп, патриоттық тақырыптарға бағытталған жиындар өткізуінің өзі жан сүйсінтеді. Осылайша Әлім ағай өз ақыл-кестерін бере отырып, болашаққа деген құлшынысымызды жандандырып, бізді жігерлендірді.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» дегендей, әр шаңырақтың үміт күткен ұл-қыздары Сіздердің білімдеріңіз бен біліктіліктеріңізге жүгініп, болашаққа жол бастап баралы. Ел ертені болып табылатын біздердің бойымызға білім мен өнерді, адамгершілік пен адамдықты, рухани байлық пен ұлттық қасиеттерді сіңіріп, тұлғалы азамат етіп қалыптастыруда Сіздің үлесіңіз зор екенін мақтанышып айтқымыз келеді.

Бағила САДЫҚОВА, Меруерт ЗАУРАН,
география және табиғатты пайдалану факультетінің 1-курс студенттері

**Армандаймыз,
адам болған соң...**

Жуырда факультетіміздің белсенді студенттерінен құралған топ қаламыздағы «Жанұя» балалар үйіне барып, тәрбиеленіп жатқан балаларды қуанышқа бөлеп қайтты.

Жауапты балалардың ата-ананың аялы алақанын сағынатыны даусыз. Сағынып, жабырқап жылайды, ананың ыстық алақаны мен әкенің еркелеткен сөздерін естігісі келіп аңсайды, арманы да аңсаудан құралды. Ең бастысы «Отбасы» деген ұғымды сезінгісі келеді. Әрине, мұның жас жүрекке онай тимесі тағы анық.

Біз барған балалар үйіне кірер тұста, терезеден мұнайып тұрған баланы көрдік: бізді көре сала қолын шапалақтап, жүгіріп ішке қарай жөнелді. Сол періштелерге қарап, бұл жандарды тастаған ата-ананың жүрегі тастан жаралған да деп ойланасын. Біздің қолдан келері сол бейкүнә балаларға қызықты, тартымды іс-шаралар өткізіп, аз да болсын қуанытып, өмірге деген құштарлықтарын арттыру. Бұл мақсатымыз орындалу үшін біз қолдан келген көмегімізді аямаймыз. Студенттер шара барысында өнерлерін көрсетіп, бір сәт шынайы шаттыққа бөлеп жатты.

Біздегі арман әрбір бала, әрбір сәби бұл өмірде бақытты ғұмыр кешіп, дендері сау болып, өмірде жалғыздық атаулыны сезінбесе, аңсаған армандарына қол жеткізсе, өмірден өз орындарын тапса деген тілек. Сол тілегіміз орындалса екен!

М.ИМАНҚҰЛ,
физика-техникалық факультетінің 3-курс студенті
(жетекшісі: Ф. БЕЛИСАРОВА,
ф.-м.ғ.к., доцент)

Ұлттық өнер жастарға аздай қажет

Бүгінгі таңда білім берудің негізгі мақсаты – білім алушының тек қана білімін, біліктілігін, дағдысын қалыптастыруға қол жеткізу ғана емес, ұлттық тәрбие негізінде ертеңгі қоғамның бөлсенді азаматын қалыптастыру. Бұл дегеніміз – ата-бабаларымыздан келе жатқан ұлттық санамызда, рухымызда, болмысымызда өзіндік қолтаңба ретінде қалыптасқан ұлттық өнерімізді насихаттау.

Ұлттық өнер – халқымыздың қолданбалы өнерінің ең биік жетістіктерінің бірі. Бүгінгі күнге дейін күнделікті тіршілігімізде қолданылып келген түрлі ою-өрнектер, сәндік, әшекейлік бұйымдар – талай ұрпақтың ақыл-ойы мен шеберлігінің жемісі. Алайда озық технологиямыз дамыған мына заманда қазір көпшілік, әсіресе, жастарымыз оған аса назар аударып жатқан жоқ. Жастарымыз интернеттің шырмауына түсіп, көп уақыттарын болмашы нәрселерге жұмсап жатады. Бұрынғы кезде тәрбие балаға ата-анасының үйреткен өнерімен берілетін. Ал бүгінде сол ата-анасының өздері балаларына жарты сағат уақытын әрең бөліп жүргенде, бұл өнерді кім насихаттамақ? Сондықтан да жоғары оқу орындарының қабырғаларында ұлттық мәдениетімізді, өнерімізді насихаттайтын қосымша қолөнер

үйірмелері көптеп ұйымдастырылса, бұл студент жастарымыздың білім ала жүріп, бос уақытын тиімді пайдалануына да өз көмегін тигізеді деп ойлаймыз. Ұмытылып бара жатқан қолданбалы ұлттық өнерімізді қайтадан игере бастасак, нұр үстіне нұр болар еді.

Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасында құрылған «Жас шебер» қолөнер үйірмесінің басты мақсаты да осы. Ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан ұлттық өнерімізді ұмытпай, келесі ұрпаққа аманат етіп жеткізу, ұлттық мәдениетте өзіндік орнын көрсету және де мүмкіндігінше қазақ сәндік қолөнерінің өзіне ғана тән құндылықтарын, халықтың мінез-құлқын көрсете білу.

Үйірме бағыты бойынша жұмыс жасай отырып, тыңдаушылар бос уақыттарын

үнемді пайдалануға, адамдардың тұрмыстық сұранысын қамтамасыз ететін қолөнер бұйымдарын даярлаудың ең тиімді әдістерін меңгеруге дағдыланады. Білім алушылардың жасаған ең үздік бұйымдары университеттің мұражайларына қойылады.

Сонымен қорытар болсақ, бүгінде еліміздің білім беру мен тәрбиелеу саласының түбегейлі жаңаруы жағдайында ұрпақ тәрбиесінің негізіне – қазақ халқының ғасырлар бойы жинақталған, уақыт сынынан өтіп, сараланған ұлттық тәлім-тәрбиесінің, ұлттық қолөнерінің бай қазынасы, мол тәжірибесі алынып отыр. Өйткені, жастардың ұлттық мәдениеті мен дәстүрлердің негіздерін меңгергенде ғана жалпы адамзаттық мұраларды игеріп дүниеге дұрыс көзқарасы, озық ойлау жүйесі қалыптасатыны анық. Сондықтан басқа да оқу орындарында ұлттық өнерімізді насихаттайтын осындай үйірмелер көптеп жұмыс жасаса екен деген ниеттеміз.

**М.Н. ИБРАГИМОВА,
Қ.Р. ЕМБЕРГЕНОВА,
ЖОО-ға дейінгі
дайындық кафедрасының
оқытушылары**

ТАЛБЕСІК АЯЗДЫҢ БЕТІ ҚАҰТТЫ



Атлантика мен Жерорта теңізінен келген жылы ауа массаларымен Қазақстан аумағында көптен күткен жылу орнығады деп болжануда. Республикада, орталық, шығыс және оңтүстік-шығыс аудандарынан басқа ауа температурасы ақпан айының алғашқы күндері 2-6° климаттық нормадан жоғары болады деп күтіледі. Мұнда бұрынғыдай сібір антициклоны өз ықпалын сақтайды және температураның айтарлықтай көтерілуі болжанбайды.

Kazhydromet.kz

60 Алдағы жылда Алматы ағашсыз қалуы мүмкін

Еліміздің экологиялық ахуалы күн санап нашарлап барады. Еліміздің эколог мамандары қанша рет дабыл қақса да, табиғатқа жанашырлық таныта алмай отырмыз. Мәселен соңғы бес жылда Алматы қаласының ағаштары 100 мыңға азайып кеткен. Ал қалай болса солай оталып жатқан ағаштарға тыйым салмасақ, алдағы уақытта жасыл желегімен әдемі болып тұрған қала бар әсемдігінен айрылып, ағашсыз қалуы әбден мүмкін.

«Экспресс К» басылымының хабарлауынша, өткен жылы Алматы қаласында 15 мың түп ағаш рұқсат бойынша кесілген екен. Ал рұқсатсыз кесілген ағаштардың саны белгісіз. Алматы қаласы әкімдігінің мәліметіне сүйенсек, 2010 жылы Алматыда 1 470 000 ағаш болса, қазір 1 360 000 ағаш қалған. Өткен жылы әкімдік тарапынан 15 мың ағашты кесуге рұқсат берілген көрінеді. Әкімдік келтіріп отырған мәліметке орай «Экспресс К» басылымы «егер осылай жалғаса беретін болса, Алматыда 60 жылдан кейін ең соңғы ағаш кесіледі» деп жазады.

Tengrinews.kz

Ғаламтор материалдары бойынша дайындаған **Ж.БЕРКІМБАЕВА**

СПОРТ - ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Спорттың адам өмірінде алатын орны зор. Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, өзі шыдамды болары анық. Біздің ата-бабаларымыз «Дені саудың – жаны сау» – деп бекер айтпаған. Ал спорттың қай түрімен айналысу адамның қабілетіне байланысты. Біздің университетте студенттердің қысқы демалысы кезінде оқытушы-профессорлар арасында «Денсаулық» атты спартакиада жылда өткізіледі.

Спартакиада шахмат, тоғызқұмалақ, волейбол, мини-футбол, бадминтон, дартс, үстел теннисі сынды спорт түрлерінен өтеді. Биыл да бұл ойындарға университетіміздің барлық факультеттері белсенді қатысып, өте қызық әрі тартысты ойын көрсетті. «Шынықсаң шымыр боласың» деген қағиданы ұстанып, уақытты тиімді пайдалана алған біздің механика және математика факультетінің ұжымы барлық ойындар бойынша жалпы есепте бірінші орынды жеңіп алды. Бәрінен де біздің университет



қызметкерлерінің салауатты өмір салтын сақтауға деген құлшыныстары қатты қуантты.

**А. МАЖИТОВА,
механика және математика
факультетінің аға оқытушысы**

ИНСТИТУТ КОНФУЦИЯ ПРИ КАЗНУ ИМ. АЛЬ-ФАРАБИ

приглашает всех желающих на курсы **КИТАЙСКОГО** языка!

Занятия проводят профессора
Ланьчжоуского университета

Международный тест HSK на базе Института

ул. Карасай батыра, 95, КазНУ, 1 этаж, каб. №138, Т.: 243-84-64

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Еңлік АҚЖІГІТ, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver-gazeti@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. "Гамма-принт" баспаханасында
(Райымбек даңғылы, 369) басылды.
Тел.: 8 (727) 247-98-30, 247-98-31

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана
Талсырыс №151

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.